22-нысан

№ р/с	Компанияның атауы	Есепті кезеңдегі корпоративтік басқару рейтингі				
		20 жыл				
		жоспар	түзету	түзету	факт	орындаулар %
А	Б	1	2	3	4	5
	Компания					
1	1 еншілес ұйымдар					

n	n еншілес ұйымдар					
---	----------------------	--	--	--	--	--

Қазақстан Республикасы
Ұлттық экономика министрінің
2018 жылғы 8 тамыздағы
№ 8 бұйрығына
3-қосымша

Қазақстан Республикасы
Ұлттық экономика министрінің
2015 жылғы 27 ақпандағы
№ 149 бұйрығымен
бекітілген

Акционері мемлекет болып табылатын ұлттық басқарушы холдингтердің, ұлттық холдингтердің, ұлттық компаниялардың даму стратегияларын әзірлеу, бекіту, сондай-ақ олардың іске асырылуын мониторингілеу және бағалау қағидалары

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Осы Қағидалар "Мемлекеттік мүлік туралы" 2011 жылғы 1 наурыздағы Қазақстан Республикасы Заңының 13-бабы 4-4) тармақшасына сәйкес әзірленген және акционері мемлекет болып табылатын ұлттық басқарушы холдингтердің, ұлттық холдингтердің, ұлттық компаниялардың даму стратегияларын (бұдан әрі - даму стратегиясы) әзірлеу, бекіту, сондай-ақ олардың іске асырылуын мониторингілеу және бағалау тәртібін айқындайды.

2. Осы Қағидаларда пайдаланылатын негізгі ұғымдар:

1) атқарушы орган - алқалы орган немесе атауы компанияның жарғысында белгіленетін атқарушы органның функциясын дара басшылықпен жүзеге асыратын тұлға;

2) даму стратегиясы - ұлттық басқарушы холдингтің, ұлттық холдингтің, ұлттық компанияның он жылдық кезеңге арналған миссиясын, пайымын, стратегиялық мақсаттары мен міндеттерін айқындайтын және негіздейтін құжат;

3) компания - акционері мемлекет болып табылатын ұлттық басқарушы холдингтер, ұлттық холдингтер, ұлттық компаниялар;

4) электрондық есеп - "Есептілік берудің бірыңғай жүйесі" бағдарламалық камтамасыз етуді (бұдан әрі - бағдарламалық камтамасыз ету) пайдалана отырып, ұлттық куәландырушы орталық берген және мемлекеттік мүлік тізіліміне (бұдан әрі - тізілім) қосу үшін дайындалған компанияның электрондық цифрлық қолтаңбасымен қол қойылатын даму стратегиясының мәтінін және/немесе қосымшаларымен оның іске асырылуын бағалауды және/немесе тиісті саланың уәкілетті органы басшысының электрондық цифрлық қолтаңбасымен қол қойылатын даму стратегиясының іске асырылуын мониторингілеу нәтижелерін қамтитын есеп.

3. Компанияның даму стратегиясы Қазақстан Республикасының стратегиялық және бағдарламалық құжаттарын ескере отырып он жылдық кезеңге бір рет әзірленеді.

4. Компанияның даму стратегиясы оның бес жылдық кезеңге арналған даму жоспарын әзірлеу үшін негіз болып табылады және оның стратегиялық бағыттарын, мақсаттарын және қызметі нәтижелерінің көрсеткіштерін айқындайды және акциялары (қатысу үлестері) компанияға заңды тұлғалар қабылдайтын шешімдерді айқындауға құқық беретін заңды тұлғалардың даму стратегияларын (қызметінің стратегиялық бағыттарын) ескере отырып, әзірленеді.

2-тарау. Компанияның даму стратегиясын әзірлеу және бекіту тәртібі

5. Компанияның даму стратегиясының жобасы "Самұрық-Қазына" ұлттық әл-ауқат қоры" акционерлік қоғамын (бұдан әрі - Қор) қоспағанда тиісті саланың мемлекеттік жоспарлау жөніндегі уәкілетті органдарымен Қазақстан Республикасының стратегиялық және бағдарламалық құжаттарында, мемлекеттік органдардың стратегиялық жоспарларында жазылған мақсаттар мен міндеттерге сәйкестігіне және бюджеттік жоспарлау жөніндегі уәкілетті органмен әлеуметтік-экономикалық даму болжамында көрсетілген бюджеттік параметрлерге сәйкестігіне келісіледі.

6. Компанияның даму стратегиясы мынадай бөлімдерден тұратын құжатты білдіреді:

1) мынадай кіші бөлімдерді қамтитын компанияның ағымдағы жағдайын талдау:

ағымдағы ахуалды және компания жұмыс істейтін және компанияның мақсаттарына қол жеткізуге әсер етуі мүмкін құқықтық, саяси, шаруашылық, демографиялық, технологиялық және басқа да жиынтықтағы сыртқы ортаның жаһандық факторларының әсерін талдауды қамтитын сыртқы ортаны талдау;

компания қызметіндегі қуатты және әлсіз жақтарды талдауды қамтитын ішкі ортаны талдау.

Сондай-ақ компанияның ағымдағы жағдайын талдау қазіргі және әлеуетті қатерлер мен тәуекелдерді талдауды және компанияның мақсатына қол жеткізу үшін мүмкіндіктерді айқындауды қамтиды;

2) миссиясы мен пайымдауы, бұл ретте миссия мемлекеттің компания алдына қойған міндеттерге сәйкес болуы және мемлекет қойған міндеттердің, ол орындайтын функциялардың, қызмет бағыттарының және саланы (экономиканың секторын) дамыту тұрғысынан компанияның негізгі мақсатын қамтуы тиіс.

Пайымдау болжамды кезеңнің соңында компания орындайтын функциялар тұрғысынан оның ұстанымдарын айқындайды;

3) қызметтің стратегиялық бағыттары, мақсаттары, қызметінің түйінді көрсеткіштері мен олар бойынша күтілетін нәтижелер.

Даму стратегиясы шеңберінде компания қызметінің стратегиялық бағыттары, мақсаттары, міндеттері, қызметінің түйінді көрсеткіштері және олар бойынша күтілетін нәтижелер көрсетіледі.

Қызметтің стратегиялық бағыттары миссияға сүйене отырып айқындалады және Компания тиісті әлеуметтік-экономикалық міндеттерді шешуге барынша әсер ететін қызмет салаларын білдіреді.

Әрбір стратегиялық бағыт үшін мақсаттар - жиынтығында компанияның жалпы мақсаттарына қол жеткізуге алып келетін қызметтің нақты, өлшенетін бағдарлары әзірленуі тиіс.

Әрбір мақсатты іске асыру шеңберінде шешілуі тиіс мақсатқа қол жеткізу үшін қажетті және жеткілікті жағдай болуы тиіс міндеттері айқындалады.

Сондай-ақ әрбір мақсат бойынша компанияның мақсатқа қол жеткізуі мен қызметінің стратегиялық бағыттары бағаланатын қызметінің 3-тен аспайтын түйінді көрсеткіштері әзірленеді. Әрбір стратегиялық бағыт үшін қойылған мақсаттарға қол жеткізу бойынша күтілетін нәтижелер сипатталады;

4) компанияның тиімді жұмыс істеуі мақсатында, қызметтің стратегиялық бағыттары шеңберінде ықтимал тәуекелдерді, тәуекелдерді сипаттауды және олардың салдарларын, осы тәуекелдің алдын-алу бойынша іс-шараларды әзірлеуді және ол пайда болған жағдайда компанияның ден қоюын қамтитын тәуекелдерді басқару жүйесін көздейді.

7. Компанияның даму стратегиясы даму стратегиясына қажетті негіздемелерді және компания қызметінің түйінді көрсеткіштеріне нысаналы мәндер бойынша есептеулері бар қосымшаларды қамтиды.

Даму стратегиясына қосымшалар негізгі құжатқа қажетті негіздемелерді және түсіндірмелерді, схемаларды (стратегиялық карталарды), кестелерді, осы Қағидалардың 6-тармағының 3) тармақшасында көрсетілген компания қызметінің түйінді көрсеткіштеріне нысаналы мәндер бойынша есептеулерді қамтиды.

8. Компанияның атқарушы органы жоспарланған он жылдық кезеңнің алдындағы жылдың бірінші маусымынан кешіктірмей даму стратегиясының жобасын әзірлеуді жүзеге асырады және оны қорды қоспағанда мемлекеттік басқарудың тиісті саласын (аясын) басқару жөніндегі уәкілетті органға (бұдан әрі - тиісті саланың уәкілетті органы) қарауға және келісуге енгізеді.

Тиісті саланың уәкілетті органы даму стратегиясының жобасын түскен күннен бастап он жұмыс күні ішінде қарайды.

Ескертулер болған жағдайда компанияның, атқарушы органы бес жұмыс күні ішінде даму стратегиясының жобасын пысықтайды және оны тиісті саланың уәкілетті органына қайтадан келісуге ұсынады.

Тиісті саланың уәкілетті органы пысықталған даму стратегиясының жобасын он жұмыс күні ішінде қарайды.

9. Тиісті саланың уәкілетті органы даму стратегиясының жобасы келісілгеннен кейін үш жұмыс күнінен кешіктірмей мемлекеттік жоспарлау және бюджеттік жоспарлау жөніндегі уәкілетті органдарға келісуге енгізілуін қамтамасыз етеді.

Мемлекеттік жоспарлау және бюджеттік жоспарлау жөніндегі уәкілетті органдар даму стратегиясының жобасын түскен күннен бастап он жұмыс күні ішінде қарайды.

Ескертулер болған жағдайда, тиісті саланың уәкілетті органы ескертулерді алған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде даму стратегиясының жобасын пысықтайды және мемлекеттік жоспарлау және бюджеттік жоспарлау жөніндегі уәкілетті органдарға қайта келісуге ұсынады.

Мемлекеттік жоспарлау және бюджеттік жоспарлау жөніндегі уәкілетті органдар он жұмыс күні ішінде пысықталған даму стратегиясының жобасын қайта қарайды.

10. Компанияның атқарушы органы даму стратегиясының жобасы Қорды қоспағанда, мемлекеттік жоспарлау және бюджеттік жоспарлау жөніндегі уәкілетті органдармен келісілгеннен кейін күнтізбелік он күннен кешіктірмей оны компанияның директорлар кеңесінің қарауына енгізеді. Қордың атқарушы органы даму стратегиясының жобасын әзірлеуді жүзеге асырады және оны директорлар кеңесінің отырысын өткізу немесе директорлар кеңесі мүшелерінің сырттай дауыс беру күніне дейін күнтізбелік жиырма күннен кешіктірмей директорлар кеңесінің қарауына енгізеді.

Компанияның директорлар кеңесі даму стратегиясының жобасын күнтізбелік жиырма күн ішінде қарайды және оны мақұлдау туралы не компанияның атқарушы органына пысықтау үшін қайтару туралы шешім қабылдайды.

Ескертулер болған жағдайда, компанияның атқарушы органы компанияның директорлар кеңесі айқындаған, бірақ ескертулер алған күннен бастап күнтізбелік он күннен аспайтын мерзімде даму стратегиясының жобасын пысықтайды және оны компанияның директорлар кеңесінің қарауына қайта ұсынады.

Компанияның директорлар кеңесі пысықталған даму стратегиясының жобасын қайта енгізген күннен бастап күнтізбелік он күн ішінде қарайды.

11. Қордың атқарушы органы Қордың директорлар кеңесі даму стратегиясының жобасын мақұлдағаннан кейін оны Ұлттық әл-ауқат қорын басқару жөніндегі кеңестің қарауына мақұлдау үшін енгізеді.

Қор жоспарланған он жылдық кезеңнің алдындағы жылдың 20 қарашасынан кешіктірмей Ұлттық әл-ауқат қорын басқару жөніндегі кеңес мақұлдаған Қордың даму стратегиясының жобасын мемлекеттік жоспарлау жөніндегі уәкілетті органға енгізуді қамтамасыз етеді.

12. Тиісті саланың уәкілетті органы, Қорды қоспағанда, компанияның директорлар кеңесі мақұлдаған компанияның даму стратегиясын бекіту туралы Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулысының жобасын жоспарланған он жылдық кезеңнің алдындағы жылдың бірінші қарашасына дейін Қазақстан Республикасының Үкіметіне енгізуді қамтамасыз етеді.

Мемлекеттік жоспарлау жөніндегі уәкілетті орган директорлар кеңесі және Ұлттық әл-ауқат қорын басқару жөніндегі кеңес мақұлдаған Қордың даму стратегиясын бекіту туралы Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулысының жобасын жоспарланып отырған он жылдық кезеңнің алдындағы жылдың бірінші желтоқсанынан кешіктірмей Қазақстан Республикасының Үкіметіне енгізуді қамтамасыз етеді.

13. Компанияның атқарушы органы компанияның даму стратегиясын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы қабылданған күннен бастап , бес жұмыс күні ішінде даму стратегиясын бекіту туралы Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулысының сканерленген көшірмесін электрондық есепке тіркей отырып, Тізілімге қосу үшін мемлекеттік мүлікті есепке алу саласындағы бірыңғай операторға (бұдан әрі - бірыңғай оператор) электрондық есепті жібереді.

14. Электрондық есепті бірыңғай оператордың Тізілімге қосуы оның келіп түскен мерзімінен бастап компанияның электрондық мекенжайына электрондық есепті Тізілімге қосу туралы хабарландыру жібере отырып бес жұмыс күні ішінде жүзеге асырылады.

Бірыңғай оператордың электрондық есепке техникалық ескертулері болған жағдайда, компания ескертулерді жояды және ескертулерді алған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде бірыңғай операторға оны қайта енгізеді.

15. Даму стратегиясына өзгерістер мен толықтырулар енгізу:

1) Қазақстан Республикасы Президентінің елдегі жағдай мен ішкі және сыртқы саясаттың негізгі бағыттары туралы Қазақстан халқына Жолдауымен, мемлекеттік жоспарлау жүйесінің құжаттарына енгізілетін өзгерістермен,

сондай-ақ компания қызметіне маңызды әсері бар ішкі және сыртқы ортаның өзгерістерімен;

2) компания қызметінің негізгі бағыттарының өзгеруімен;

3) компанияның қайта ұйымдастырумен;

4) даму стратегиясын іске асырудың мониторинг қортындыларымен байланысты жағдайларда енгізуге рұқсат етіледі.

16. Осы Қағидалардың 15-тармағында көрсетілген жағдайларда компанияның даму стратегиясына өзгерістер мен толықтырулар енгізу мынадай тәртіппен жүзеге асырылады:

1) компанияның атқарушы органы осы Қағидалардың 15-тармағында көзделген жағдай басталғаннан кейін бір айдан кешіктірмей компанияның түзетілген даму стратегиясын әзірлеуді және енгізуді қамтамасыз етеді.

Түзетілген даму стратегиясының жобасын тиісті саланың уәкілетті органының, мемлекеттік жоспарлау, бюджеттік жоспарлау жөніндегі уәкілетті органдардың, және компанияның директорлар кеңесінің қарау және келісу тәртібі осы Қағидалардың 8-12-тармақтарына сәйкес жүзеге асырылады;

2) компанияның атқарушы органы компанияның даму стратегиясына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы қабылданған күннен бастап, бес жұмыс күні ішінде даму стратегиясына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулысының сканерленген көшірмесін электрондық есепке тіркей отырып, Тізілімге қосу үшін бірыңғай операторға электрондық есепті жібереді.

Электрондық есепті бірыңғай оператордың Тізілімге қосуы осы Қағидалардың 13, 14-тармақтарына сәйкес жүзеге асырады.

17. Компанияның кезекті даму стратегиялары, кезекті он жылдық кезеңге ұлттық басқарушы холдингтердің, ұлттық холдингтердің, ұлттық компаниялардың алдыңғы даму стратегиясын іске асырудың соңғы жылынан кешіктірмей әзірленеді.

3-тарау. Компанияның даму стратегиясының іске асырылуын мониторингілеу

18. Даму стратегиясының іске асырылуын мониторингілеуді Қазақстан Республикасының стратегиялық және бағдарламалық құжаттары, мемлекеттік органдардың стратегиялық жоспарларының және компанияның даму стратегиясы көрсеткіштерінің орындалуы туралы ақпаратты талдау және жинақтау мақсатында тиісті саланың уәкілетті органы жүзеге асырады.

Қордың даму стратегиясының іске асырылуын мониторингілеуді оның директорлар кеңесі жүзеге асырады.

19. Компаниялардың даму стратегиясының іске асырылуын мониторингілеу мынандай тәртіппен:

1) бірінші рет - жылдар бойынша бөле отырып, үш жылға;

2) екінші рет - жылдар бойынша бөле отырып, алты жылға;

3) үшінші рет - жылдар бойынша бөле отырып, он жылға жүргізіледі.

Қорды қоспағанда компанияның даму стратегиясының іске асырылуын, мониторингілеу есепті кезеңдегі компанияның даму стратегиясының орындалуы бойынша есепті директорлар кеңесі бекіткеннен кейін күнтізбелік отыз күннің ішінде жүргізіледі.

Компанияның даму стратегиясының іске асырылуын мониторингілеу даму стратегиясының және директорлар кеңесі бекіткен есепті кезеңдегі компанияның даму стратегиясының орындалуы бойынша есептің негізінде жүргізіледі.

Қордың даму стратегиясының іске асырылуын мониторингілеу қордың директорлар кеңесінің есепті кезеңдегі Қордың даму стратегиясын орындау бойынша есеппен қатар жүзеге асырылады.

20. Тиісті саланың уәкілетті органы бірыңғай оператор әзірлеген бағдарламалық қамтамасыз етуді пайдалана отырып, компанияның даму стратегиясының іске асырылуын мониторингілеу бойынша есепті дайындайды.

Даму стратегиясының іске асырылуын мониторингілеу бойынша есеп қызметтің стратегиялық бағыттарына, мақсатына, міндеттеріне, қызметтің түйінді көрсеткіштеріне қол жеткізу бойынша ақпаратты қамтиды.

Даму стратегиясының іске асырылуын мониторингілеу бойынша есеп нысаны осы Қағидаларға 1-қосымшада берілген.

21. Мониторинг жүргізу қорытындысы бойынша тиісті саланың уәкілетті органы компанияның даму стратегиясының іске асырылуы бойынша қорытынды дайындайды.

Қорытынды еркін нысанда жасалады және мынадай мәліметтерді:

1) компанияның даму стратегиясының орындалуы бойынша есепте ұсынылған ақпаратты талдау және қорытындылау;

2) қызметтің жоспарланған түйінді көрсеткіштеріне қол жеткізу дәрежесі (нақты нәтиженің жоспарланғаннан ауытқулары болған жағдайда соңғы нәтижеге ықпал еткен себептерді және факторларды ашу қажет) және қызметтің түйінді көрсеткіштеріне қол жеткізу үшін өткізілген/жоспарланатын іс-шаралар туралы;

3) қажет болған жағдайда жекелеген мақсаттарды, міндеттерді, іс-шараларды, ресурстарды қайта бөлуді қайта қарау және проблемаларды шешуге жаңа тәсілдерді әзірлеуді;

4) компания қызметінің тиімділігін арттыру бойынша және қажет болған жағдайда компанияның даму стратегиясын түзету бойынша ұсынымдарды қамтиды.

Даму стратегиясының іске асырылуын мониторингілеу бойынша есеп және қорытынды даму стратегиясының іске асырылуын мониторингілеу нәтижелері болып табылады.

22. Тиісті саланың уәкілетті органы даму стратегиясының іске асырылуын мониторингілеу нәтижелерін (оған қол қойылған және мөрмен расталған

қорытындының сканерленген көшірмесінің қағаз нұсқасын қоса бере отырып) бірыңғай операторға электронды есеп түрінде ұсынады.

Бірыңғай оператордың электрондық есепті тізілімге қосуы ол түскен күннен бастап бес жұмыс күні ішінде тиісті саланың уәкілетті органы электронды мекенжайына электрондық есепті тізілімге қосу туралы хабарламаны жолдай отырып, жүзеге асырылады.

Бірыңғай оператордың электрондық есепке техникалық ескертулері болған жағдайда тиісті саланың уәкілетті органы ескертулерді алған күннен бастап бес жұмыс күнінің ішінде ескертулерді жояды және оны қайтадан бірыңғай операторға енгізеді.

4-тарау. Компанияның даму стратегиясын іске асыру тиімділігін бағалау

23. Компанияның даму стратегиясының іске асырылуын бағалау даму стратегиясына мониторинг жүргізгеннен кейін оның іске асырылуының нәтижелілігі мен тиімділігіне қол жеткізу дәрежесін айқындау мақсатында мемлекеттік жоспарлау бойынша уәкілетті орган жүзеге асырады.

24. Даму стратегиясын іске асыру тиімділігін бағалауды есепті кезеңге мемлекеттік жоспарлау бойынша уәкілетті орган мынадай тәртіппен:

- 1) бірінші рет - жылдар бойынша бөле отырып үш жылға;
- 2) екінші рет - жылдар бойынша бөле отырып алты жылға;
- 3) үшінші рет - жылдар бойынша бөле отырып он жылға жүргізеді.

25. Даму стратегиясын іске асыру тиімділігін бағалауды есепті кезеңдегі компанияның даму стратегиясының орындалуы бойынша есептің және тиісті саланың уәкілетті органының мониторингі нәтижесінің негізінде жүзеге асырылады.

26. Компанияның даму стратегиясын іске асыру тиімділігін бағалау бойынша есепті қалыптастыру үшін тиісті компанияны иелену және пайдалану құқығы берілген тиісті саланың уәкілетті органы есепті кезеңнен кейінгі жылдың 1 қарашасына дейінгі мерзімде компанияның даму стратегиясын іске асыру мониторингі нәтижелері туралы ақпаратты мемлекеттік жоспарлау жөніндегі уәкілетті органға ұсынады.

27. Компанияның даму стратегиясын іске асыру тиімділігін бағалау бойынша есеп мынадай бөлімдерден тұрады:

- ақпараттық бөлім;
- компания қызметінің тиімділігін бағалау;
- талдамалық жазбахат.

28. "Ақпараттық бөлім"

Ақпараттық бөлімнің мақсаты есепті кезеңге компания қызметінің стратегиялық бағыттарын (бұдан әрі - ҚСБ) іске асыру нәтижелері туралы ақпаратты ұсыну болып табылады.

Ақпараттық бөлім:

құжаттың деректемелерін (компанияның даму стратегиясын):

атауын, нөмірін, құжатты қабылдау мерзімін, іске асыру мерзімдерін;

компания қызметінің стратегиялық бағыттары (бұдан әрі - ҚСБ) және миссиясы туралы мәліметтерді қамтиды, бұл ретте әрбір ҚСБ бойынша ол қызметтің қандай түйінді көрсеткіштері (ҚТК) арқылы жүзеге асырылатыны көрсетіледі (жоспарланғаннан іс жүзіндегі нәтижелердің ауытқуы болған жағдайда, соңғы нәтижелерге ықпал еткен себептер мен факторларды ашып көрсету қажет). Ақпараттық бөлім осы Қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес толтырылады.

29. "Компания қызметінің тиімділігін бағалау" Компания қызметінің тиімділігін айқындау компанияның даму стратегиясын іске асыру тиімділігін және оның қаржы - шаруашылық қызметін бағалау жолымен жүзеге асырылады.

1) Компанияның даму стратегиясын іске асыру тиімділігін бағалау ҚСБ және ҚТК жетістігі деңгейін анықтау жолымен жүзеге асырылады.

ҚСБ және ҚТК қол жеткізуді бағалау компанияның осы Қағидаларға 3-қосымшаға сәйкес жүзеге асырылады.

Әрбір ҚСБ жалпы көлемі жиынтық 100% құрайтын және ҚТК белгілі санын өзіне қосатын, стратегияны жүзеге асырудың қорытынды рейтингінде айқын меншікті салмаққа ие.

Әрбір ҚСБ жалпы сомасы 100% құрайтын, ҚСБ ішінде ҚТК айқын үлес салмақ қосылады.

ҚТК қол жеткізу дәрежесін есептеу қорытындысы бойынша әрбір ҚТК келесідей 0-ден 4-ке дейін ұпай беріледі:

4 - жоспардан 85%-дан 100%-ға дейін ҚТК нәтижелерінің жетістігі;

3 - жоспардан 70%-дан 84%-ға дейін ҚТК нәтижелерінің жетістігі;

2 - жоспардан 55%-дан 69%-ға дейін ҚТК нәтижелерінің жетістігі;

1 - жоспардан 40%-дан 54%-ға дейін ҚТК нәтижелерінің жетістігі;

0 - жоспардан 0%-дан 39%-ға дейін ҚТК нәтижелерінің жетістігі.

ҚТК қол жеткізуді бағалауды жалпылау үшін әрбір ҚТК бойынша балдар жинақталады. Жиынтық ұпайлар санын және барынша ықтимал қол жеткізілетін нәтижесін негізге ала отырып, әрбір ҚСБ іске асыру дәрежесі есептеледі.

Әрбір ҚСБ бойынша қол жеткізілген нәтижеге сәйкес, сондай-ақ компанияның даму стратегиясына қол жеткізудегі олардың үлес салмағын ескере отырып, қызметтің түйінді көрсеткіштері бойынша компанияның даму стратегиясын іске асырудың жиынтық нәтижесі есептеледі.

ҚТК бойынша компанияның даму стратегиясын жүзеге асырудың жиынтық қорытындысы келесі деңгейлерге бөлінеді:

85%-дан 100%-ға дейін - стратегияны жүзеге асырудың жоғары деңгейінің тиімділігі;

70%-дан 84%-ға дейін - стратегияны жүзеге асырудың орта деңгейінің тиімділігі;

55%-дан 69%-ға дейін - стратегияны жүзеге асырудың төмен деңгейінің тиімділігі;

40%-дан 54%-ға дейін - стратегияны тиімсіз жүзеге асыру;

0%-дан 39%-ға дейін - стратегия жүзеге асырылмаған.

2) Компанияның қаржы шаруашылық қызметі тиімділігін бағалау қаржы есептілікті талдаудың мынадай түрлері бойынша жүргізіледі:

нақтыланған талдау - осы Қағидаларға 4-қосымшаға сәйкес жүзеге асырылады, компанияның даму стратегиясын жүзеге асырудың тиімділігін бағалау бойынша жүргізіледі және компания деректерін соңғы үш жылғы есепті кезең бойынша тиісінше және абсолютті түрде салыстыру және есептіліктің жеке баптары немесе олардың топтарының өзгеру үрдісін анықтаудан тұрады.

коэффициенттік талдау - компанияның қаржы есептілігін осындай коэффициенттердің нормативтік мәндеріне сәйкестігі (ауытқуы) тұрғысынан қаржылық көрсеткіштерді (коэффициенттеріді) жинақтаудың көмегімен зерделеу және олардың динамикадағы өзгерістерін білдіреді (деректер компанияның қаржылық есептілігінің барлық нысандарынан алынатын деректер қабылданады):

Ағымдағы өтімділік коэффициенті - компанияның қолда бар айналымдағы қаражаты есебінен ағымдағы берешегін өтеу қабілеттігін айқындау үшін есептеледі. Мынадай формула бойынша есептеледі:

$$CR = \frac{CA}{CL},$$

мұнда:

CA-ағымдағы активтер;

CL - ағымдағы міндеттемелер.

Ұсынылатын CR мәні: 1 - 2. <1 мәні төлем қабілеттілігін жоғалту ықтималдығы туралы, >4 мәні - қарыз қаражатын пайдаланудың жеткіліксіз белсенділігі туралы және оның салдарынан меншік капиталы рентабельділігінің аздығын куәландырады.

Активтердің рентабельділік коэффициенті компанияның активтеріне салынған әрбір теңгеге қанша таза пайда келетінін растайды. Мынадай формула бойынша есептеледі:

$$ROA = \frac{NI}{TA} \cdot 100\%.$$

мұнда:

NI - таза пайда;

TA - активтердің орташа жылдық сомасы.

Ұсынылатын ROA мәні: көрсеткіштің артып келе жатқан мәні (динамикада) компания активтерінің пайда туындату қабілеттігі туралы куәландырады.

Меншік капиталдың рентабельділік коэффициенті компанияның меншік капиталының бірлігінен қанша таза пайда алатынын көрсетеді. Мынадай формула бойынша есептеледі:

$$ROE = \frac{NI}{EC} \cdot 100\%.$$

мұнда:

NI - таза пайда;

EC - меншік капиталдың орташа жылдық сомасы.

Ұсынылатын ROE мәні: саласына байланысты әртүрлі, сонымен қатар, коэффициент мәнінің жоғарылығы оң бағаланады, өйткені капиталға аванс жасалған әрбір теңгеге келетін таза пайда туралы куәландырады.

Қаржылық левередж коэффициенті компанияның қаржылық тәуекеліне тікелей пропорционалды және компания активтерін қаржыландыру көздеріндегі қарыз қаражатының үлесін көрсетеді.

Мынадай формула бойынша есептеледі:

$$DR = \frac{LC}{EC}.$$

мұнда:

LC - қарыз капитал;

EC - меншік капитал.

Ұсынылатын DR мәні: <1, >1 мәні компанияның қаржылық тұрақтылығына теріс әсер етуі мүмкін оның жоғары борыштық жүктемесі туралы куәландырады.

30. "Талдамалық жазба" Талдамалық жазба еркін нысанда құрастырылады және мыналарды қамтиды:

1) есептің Ақпараттық бөлімінде көрсетілген ақпаратты қажетті түсіндіру және қорытындылау, сонымен қатар ҚТК төменде көрсетілген санаты қолданылады:

сандық - оған қол жеткізу деңгейін айқындауға мүмкіндік беретін, сандық өлшенетін индикаторы бар ҚТК;

сапалық - сандық өлшенетін индикаторы жоқ, бірақ тиісті саладағы аядағы он өзгерістердің мәнін айқындауға мүмкіндік беретін ҚТК;

іс-шара - сандық өлшенетін индикаторы жоқ және ҚСБ қол жеткізу үшін және жоспарланған нәтижелерді алу үшін орындалатын бір реттік іс-шара (іс-қимыл) түрінде қалыптастырған ҚТК;

2) ұсынылған ҚСБ және ҚТК қол жеткізуді бағалау;

3) тұжырымдар және қажет болған жағдайда компания қызметінің тиімділігін арттыру бойынша ұсынымдар.

31. Мемлекеттік жоспарлау жөніндегі уәкілетті орган даму стратегиясының іске асырылуын бағалауды жүргізгеннен кейін даму стратегиясының іске асырылуын бағалау нәтижелері интернет-ресурсқа орналастыру үшін тиісті саланың уәкілетті органына және бірыңғай операторға ұсыну үшін компанияларға жолданады.

Даму стратегиясының іске асырылуын бағалау нәтижелерін компанияның атқарушы органы оларды алған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде бірыңғай операторға электрондық есеп түрінде ұсынады және осы Қағидалардың 14-тармағында белгіленген тәртіппен тізілімге қосылады.

32. Мемлекеттік жоспарлау жөніндегі уәкілетті орган тиісті он жылдық есепті кезең өткен соң есепті кезеңнен кейінгі екінші жылдың үшінші айының 20 күнінен кешіктірмей Қазақстан Республикасының Үкіметіне компаниялардың даму стратегиясын іске асыру туралы хабардар етеді.

5-тарау. Компанияның даму стратегиясының іске асырылуын бақылау

33. Даму стратегиясының іске асырылуын бақылауды стратегиялық және бағдарламалық құжаттардың, мемлекеттік органдардың стратегиялық жоспарларының және компанияның даму стратегиясының орындалуының толықтығы мен уақытылығын талдау мақсатында, оның ішінде бұзушылықтарды анықтау, жою және болдырмау мақсатында жоспарлы және жоспардан тыс тексерулер жолымен тиісті саланың уәкілетті органы жүзеге асырады.

Қордың даму стратегиясының іске асырылуын бақылауды оның директорлар кеңесі жүзеге асырады.

34. Компанияның атқарушы органы 2015 жылғы 23 қарашадағы Қазақстан Республикасының Еңбек кодексінің 64-бабына сәйкес:

1) осы Қағидалардың 8, 10, 11 және 16-тармақтарында белгіленген мерзімдерде даму стратегиясын уақтылы әзірлеу және келісу;

2) осы Қағидалардың 13, 14, 16 және 26-тармақтарына сәйкес бірыңғай операторға уақтылы электрондық есеп беру;

- 3) даму стратегиясындағы деректердің дұрыстығы;
- 4) даму стратегиясын іске асыру бойынша жауапты болады.

"Мемлекеттік мүлік туралы" 2011 жылғы 1 наурыздағы Қазақстан Республикасы Заңының 184-бабы 8 тармағына сәйкес акционері мемлекет болып табылатын ұлттық басқарушы холдингтердің, ұлттық холдингтердің, ұлттық компаниялардың даму стратегиясының іске асырылуының нәтижелілігі мен тиімділігі үшін акционері мемлекет болып табылатын ұлттық басқарушы холдингтердің, ұлттық холдингтердің, ұлттық компаниялардың бірінші басшылары жауапты болады.

35. Тиісті саланың уәкілетті органы осы Қағидалардың 20, 21 және 22-тармақтарының орындалмағаны үшін 2015 жылғы 23 қарашадағы Қазақстан Республикасының Еңбек кодексінің 64-бабына сәйкес жауапты болады.

Акционері мемлекет болып табылатын ұлттық басқарушы холдингтердің, ұлттық холдингтердің, ұлттық компаниялардың даму стратегияларын әзірлеу, бекіту, сондай-ақ олардың іске асырылуын мониторингілеу және бағалау қағидаларына
1-қосымша

Даму стратегиясының орындалуы жөніндегі есеп

Стратегиялық бағыттың атауы (СБА)	Максат	Міндеттер	Қызметтің түйінді көрсеткішінің атауы (ҚТК)*	Өлшем бірлігі	ҚТК-нің мағынасы						Орындалу себептері (толық көлемде орындалмау)	Түзету шаралары (қолданған/жоспарланатын)
					20__ жыл			20_n жыл				
					жоспар	факт	%-дық ауытқулар	жоспар	факт	%-дық ауытқулар		
СБА 1	1-ші мақсат	1 - міндет	1-ҚТК									
		n-міндет	n-ҚТК									
СБА 2	n-ші мақсат	1 - міндет	1-ҚТК									
		n-міндет	n-ҚТК									

Ескерту: * қызметтің түйінді көрсеткіші компанияның мақсаттарымен және міндеттерімен байланысты

Акционері мемлекет болып табылатын ұлттық басқарушы холдингтердің, ұлттық

холдингтердің, ұлттық компаниялардың даму стратегияларын әзірлеу, бекіту, сондай-ақ олардың іске асырылуын мониторингілеу және бағалау қағидаларына
2-қосымша

Компанияның 20__ - 20__ жылдарға арналған даму стратегиясын іске асыру тиімділігін бағалау бойынша есеп

Даму стратегиясының деректемелері	
	(нөмір, даму стратегиясын қабылдау мерзімі)
Есептілік кезең	
Ұйымның атауы	
Миссия	(компанияның даму стратегиясына сәйкес)

Стратегиялық бағыттың атауы (СБА)	Мақсат	Міндеттер	Қызметтің түйінді көрсеткіштерін атауы (ҚТК)*	Өлшем бірлігі	ҚТК мәні						Орындамау себептері (толық көлемде орындамау)
					20__ жыл			20 n жыл			
					жоспар	факт	% ауытқу	жоспар	факт	% ауытқу	
1	2	3	4	5	6	7	8	9	10	11	12
СБА 1	Мақсат 1	Міндет 1	ҚТК 1								
		Міндет n	ҚТК n								
СБА n	Мақсат n	Міндет 1	ҚТК 1								
		Міндет n	ҚТК n								

Акционері мемлекет болып табылатын ұлттық басқарушы холдингтердің, ұлттық холдингтердің, ұлттық компаниялардың даму стратегияларын әзірлеу, бекіту, сондай-ақ олардың іске асырылуын мониторингілеу және бағалау қағидаларына
3-қосымша

Компанияның стратегиялық бағыттары қызметінің түйінді көрсеткіштеріне қол жеткізу

--	--	--	--	--	--

[illegible]

саланың уәкілетті органы басшысының электрондық цифрлық қолтаңбасымен қол қойылатын даму жоспарының іске асырылуын мониторингілеу нәтижелерін қамтитын есеп.

2-тарау. Компанияның даму жоспарын әзірлеу және бекіту тәртібі

3. Компанияның даму жоспарының жобасы оның даму стратегиясын іске асыру мақсатында бесжылдық кезеңге бір рет әзірленеді және тиісті саланың мемлекеттік жоспарлау жөніндегі уәкілетті органдарымен Қазақстан Республикасының стратегиялық және бағдарламалық құжаттарында, мемлекеттік органдардың стратегиялық жоспарларында жазылған мақсаттар мен міндеттерге сәйкестігіне және бюджеттік жоспарлау жөніндегі уәкілетті органмен әлеуметтік-экономикалық даму болжамында көрсетілген бюджеттік параметрлерге сәйкестігіне келісіледі және директорлар кеңесі бекітеді.

4. Компанияның даму жоспары акциялары (қатысу үлестері) компанияға заңды тұлғалар қабылдайтын шешімдерді айқындау құқығын беретін заңды тұлғалардың даму жоспарларын ескере отырып әзірленеді және инвестицияларды, кірістерді, шығыстарды, қарыздарды, дивидендтерді (бюджетке аударылуға жататын таза кірістің бір бөлігін) қоса алғанда қаржы-шаруашылық қызметтің мақсатын, міндетін, нәтижелер көрсеткіштерін және негізгі шоғырландырылған және шоғырландырылмаған көрсеткіштерін, қаржылық тұрақтылық көрсеткіштерін және даму жоспары бөлімдерінің құрылымына, осы Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес, осы Қағидаларға 2-қосымшаларға сәйкес көрсеткіштердің тізбесіне сәйкес көзделетін басқа да мәліметтерді қамтиды.

Компанияның даму жоспарында қолданылатын қаржылық тұрақтылық көрсеткіштерінің толық тізілімі мен нысаналы мәні, оның ішінде акциялары (қатысу үлестері) компанияға осы заңды тұлғалар қабылдайтын шешімдерді айқындау құқығын беретін заңды тұлғалардың борыш деңгейін компания айқындайды.

Акциялары (қатысу үлестері) компанияға заңды тұлғалар қабылдайтын шешімдерді айқындау құқығын беретін заңды тұлғаларға қатысты осы Қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес, Даму жоспары көрсеткіштерінің тізбесінде көрсетілген нысандар тек ақпараттық сипатқа ие және ол компанияның директорлар кеңесінің бекіту нысанасы болып табылмайды.

5. Тиісті жоспарланатын кезеңге арналған даму жоспарының жобасын әзірлеуді мемлекеттік мүлікті есепке алу саласындағы бірыңғай оператор (бұдан әрі - бірыңғай оператор) әзірлеген бағдарламалық қамтамасыз етуді пайдаланып, атқарушы орган жүзеге асырады. Бұл ретте жоспарланатын бірінші жылдың қаржы-шаруашылық қызметінің негізгі көрсеткіштері толық (таратылып) түрде,

жоспарланатын кейінгі жылдары біріктірілген (жиынтық) түрде жылдар бойынша бөле отырып көрсетіледі.

6. Компанияның атқарушы органы жоспарланып отырған бесжылдық кезеңнің алдындағы жылдың бірінші қазанынан кешіктірмей, мемлекеттік басқарудың тиісті саласын (аясын) басқару жөніндегі уәкілетті органға (бұдан әрі - тиісті саланың уәкілетті органы) даму жоспарының жобасын қарауға және келісуге енгізеді.

Тиісті саланың уәкілетті органы даму жоспарының жобасын ол келіп түскен күннен бастап жеті жұмыс күні ішінде қарайды.

Ескертулер болған жағдайда компанияның, атқарушы органы үш жұмыс күні ішінде даму жоспарының жобасын пысықтайды және оны тиісті саладағы уәкілетті органға қайтадан келісуге ұсынады.

Тиісті саланың уәкілетті органы пысықталған даму жоспарының жобасын үш жұмыс күні ішінде қарайды.

7. Тиісті саланың уәкілетті органы даму жоспарының жобасы келісілгеннен кейін екі жұмыс күнінен кешіктірмей оны мемлекеттік жоспарлау және бюджеттік жоспарлау жөніндегі уәкілетті органдарға келісуге енгізуді қамтамасыз етеді.

Мемлекеттік жоспарлау және бюджеттік жоспарлау жөніндегі уәкілетті органдар даму жоспарының жобасын ол түскен күннен бастап он жұмыс күні ішінде қарайды.

Ескертулер болған жағдайда, тиісті саланың уәкілетті органы ескерту алған күннен бастап үш жұмыс күні ішінде даму жоспарының жобасын пысықтайды және оны мемлекеттік жоспарлау және бюджеттік жоспарлау жөніндегі уәкілетті органға қайтадан келісуге ұсынады.

Мемлекеттік жоспарлау және бюджеттік жоспарлау жөніндегі уәкілетті органдар пысықталған даму жоспарының жобасын жеті жұмыс күні ішінде қарайды.

8. Компанияның атқарушы органы мемлекеттік жоспарлау және бюджеттік жоспарлау жөніндегі уәкілетті органдармен даму жоспарының жобасы келісілгеннен кейін оны жоспарланып отырған бесжылдық кезеңнің алдындағы жылдың оныншы қарашасынан кешіктірмей компанияның директорлар кеңесінің қарауына енгізеді.

Компанияның директорлар кеңесі даму жоспарының жобасын күнтізбелік он күн ішінде қарайды және оны бекіту туралы не компанияның атқарушы органына пысықтау үшін қайтару туралы шешімді қабылдайды.

Ескертулер болған жағдайда, компанияның атқарушы органы компанияның директорлар кеңесі айқындаған, бірақ ескертулер алған күннен бастап үш жұмыс

күнінен аспайтындай мерзімде даму жоспарының жобасын пысықтайды және оны тиісті саланың уәкілетті органына қайта келісілуге ұсынады.

Тиісті саланың уәкілетті органы даму жоспары қайта келісілгеннен кейін үш жұмыс күннен кешіктірмей оны мемлекеттік жоспарлау және бюджеттік жоспарлау жөніндегі уәкілетті органдарға келісуге енгізуді қамтамасыз етеді.

Мемлекеттік жоспарлау және бюджеттік жоспарлау жөніндегі уәкілетті органдар пысықталған даму жоспарының жобасын жеті жұмыс күні ішінде қайта қарайды.

Компанияның атқарушы органы даму жоспарының жобасын мемлекеттік жоспарлау және бюджеттік жоспарлау жөніндегі уәкілетті органдармен қайта келіскеннен кейін үш жұмыс күнінен кешіктірмей компанияның директорлар кеңесіне қайта қарауға енгізеді.

Компанияның директорлар кеңесі пысықталған даму жоспарының жобасын қайтадан енгізілген күннен бастап он күнтізбелік күн ішінде қарайды.

9. Даму жоспарының жобасын компанияның директорлар кеңесі жоспарланып отырған бес жылдық кезеңнің алдындағы жылдың 20 желтоқсанына дейін бекітеді.

10. Компанияның атқарушы органы даму жоспарын бекіту мәселесі бойынша компанияның директорлар кеңесі отырысының хаттамасынан үзінді көшірме алған күннен бастап, бес жұмыс күні ішінде оны бекіту туралы директорлар кеңесі шешімінің сканерленген көшірмесін электрондық есепке тіркей отырып, Тізілімге қосу үшін бірыңғай операторға электрондық есепті жібереді.

11. Электрондық есепті бірыңғай оператордың Тізілімге қосуы оның келіп түскен күнінен бастап компанияның электрондық мекенжайына электрондық есепті Тізілімге қосу туралы хабарландыру жібере отырып бес жұмыс күні ішінде жүзеге асырылады.

Бірыңғай оператордың электрондық есепке техникалық ескертулері болған жағдайда, компания ескертулерді жояды және оны ескертулерді алған күннен бастап компанияның директорлар кеңесінің қарауына қайтадан шығармай бес жұмыс күні ішінде бірыңғай операторға қайта енгізеді.

12. Даму жоспарына өзгерістер мен толықтырулар мынадай тәртіппен:

1) бірінші түзету: екінші жыл таратылған түрде, одан кейінгі жылдар біріктірілген (жиынтық) түрде енгізілген түзетулер бойынша негіздемелерді көрсете отырып жылдарға бөлініп;

2) екінші түзету: бірінші жылдың фактісі, үшінші жыл таратылған түрде, одан кейінгі жылдар біріктірілген (жиынтық) түрде енгізілген түзетулер бойынша негіздемелерді көрсете отырып жылдарға бөлініп;

3) үшінші түзету: екінші жылдың фактісі, төртінші жыл таратылған түрде, одан кейінгі жылдар біріктірілген (жиынтық) түрде жылдарға бөлініп, енгізілген түзетулер бойынша негіздемелерді көрсете отырып жылдарға бөлініп;

4) төртінші түзету: үшінші жылдың фактісі, бесінші жыл таратылған түрде, одан кейінгі жылдар біріктірілген (жиынтық) түрде енгізілген түзетулер бойынша негіздемелерді көрсете отырып жылдарға бөлініп;

5) төртінші және бесінші жылдың фактісі компанияның кезекті бес жылдық кезеңге арналған даму жоспарында көрсетіледі.

Даму жобасына түсіндірме жазба даму жобасының әр бөлімі бойынша түсініктемелерді қамтиды және оның ажырамас бөлігі болып табылады.

13. Даму жоспарына өзгерістер мен толықтырулар енгізу:

1) Қазақстан Республикасы Президентінің елдегі жағдай мен ішкі және сыртқы саясаттың негізгі бағыттары туралы Қазақстан халқына Жолдауымен, мемлекеттік жоспарлау жүйесінің құжаттарына енгізілетін өзгерістермен, сондай-ақ компания қызметіне маңызды әсері бар ішкі және сыртқы ортаның өзгерістермен;

2) компания қызметінің негізгі бағыттарының өзгеруімен;

3) компанияның қайта ұйымдастырылуына байланысты жағдайларда жол беріледі.

Компанияның даму жоспарына өзгерістер мен толықтырулар енгізу кезінде барлық енгізілетін түзетулер бойынша негіздемелерді қамтитын түсіндірме жазба қалыптастырылады.

14. Компанияның даму жоспарына өзгерістер мен толықтырулар енгізу осы Қағидалардың 13-тармағында көзделген жағдайларда мынадай тәртіппен жүзеге асырылады:

1) компанияның атқарушы органы түзетілген даму жоспарын әзірлеуді және оны келісуге осы Қағидалардың 13-тармағында көзделген жағдай орын алған жағдайда бір айдан кешіктірмей енгізуді қамтамасыз етеді.

Түзетілген даму жоспарын тиісті саланың уәкілетті органының, мемлекеттік жоспарлау жөніндегі, бюджеттік жоспарлау жөніндегі уәкілетті органдардың және компанияның директорлар кеңесінің қарау және келісу тәртібі осы Қағидалардың 6-9-тармақтарына сәйкес жүзеге асырылады.

2) компанияның атқарушы органы түзетілген даму жоспарын компанияның директорлар кеңесі бекіткен күннен бастап, бес жұмыс күні ішінде даму жоспарына түзетулер енгізу туралы компания директорлары кеңесі шешімінің сканерленген көшірмесін электрондық есепке тіркей отырып, Тізілімге қосу үшін бірыңғай операторға электрондық есепті жібереді.

Электрондық есепті бірыңғай оператордың Тізілімге енгізуі осы Қағидалардың 10, 11-тармақтарына сәйкес жүзеге асырылады.

14-1. Компанияның атқарушы органы компанияның даму жоспарына жалпы кірістер мен шығыстардың шоғырландырылған көрсеткіштерінің өзгеруіне алып келмейтін өзгерістер және (немесе) толықтыруларды тоқсанына бір рет қана енгізуді компанияның атқарушы органы осы Қағидалардың 6-9-тармақтарында көзделген тәртіпті қолданбай және компанияның директорлар кеңесінің қарауына енгізбей мына:

1) осы Қағидаларға 2-қосымшаның 7.2, 7.4, 7.6, 7.9-бөлімдерінде көрсетілген көрсеткіштерді қайта бөлу компания мен акциялары (қатысу үлестері) компанияға шешімдерді айқындау құқығын беретін заңды тұлғалар арасында жүзеге асырылған және ол компанияның жалпы кірістері мен шығыстарының 20 пайызынан аспаған;

2) осы Қағидаларға 2-қосымшаның 7.2, 7.4, 7.6, 7.9-бөлімдерінде көрсетілген көрсеткіштерді қайта бөлу акциялары (қатысу үлестері) компанияға шешімдерді айқындау құқығын беретін заңды тұлғалар арасында жүзеге асырылған жағдайларда жүзеге асырады.

Компанияның атқарушы органы даму жоспарына жоғарыда көрсетілген өзгерістер мен (немесе) толықтыруларды енгізген күннен бастап бес жұмыс күні ішінде даму жоспарына өзгерістер және (немесе) толықтырулар енгізу туралы компанияның атқарушы органы шешімінің сканерленген көшірмесін электронды есепке тіркеп, Тізілімге енгізу үшін бірыңғай операторға электронды есепті жолдайды.

Тізілімге электронды есепті енгізуді бірыңғай оператор осы Қағидалардың 11-тармағына сәйкес жүзеге асырады.

15. Компаниялардың кезекті бес жылдық мерзімге арналған кезекті даму жоспары ұлттық басқарушы холдингтердің, ұлттық холдингтердің, ұлттық компаниялардың алдыңғы даму жоспарын іске асырудың соңғы жылынан кешіктірмей әзірленеді.

3-тарау. Компанияның даму жоспарының іске асырылуын мониторингілеу, бағалау және бақылау

